

**Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен мемлекеттік коммуналдық мекемесінде психологиялық қызметтің 2021-2022 оқу жылында атқарылған жұмыстар жайлы талдау есебі**

2021-2022 оқу жылында бес бағыт бойынша жұмыстар атқарылуда.

Психологиялық диагностикалық бағыт бойынша

Қыркүйек айында 5- сынып оқушылардың оқу үдерісіне бейімделуін анықтау мақсатында Негізгі зерттеуде үш әдістеме пайдаланылды:

1. Мектептегі сезім сауалнамасы
2. Мінез ерекшеліктерін анықтауға арналған И. Панарин тесті.
3. Пәнге қызығушылықты анықтау әдістемесі.

**1.Мектептегі сезім сауалнамасының қорытындысы**  
Диана,Сержан,Арай,Бекжан 8-9 ұпай- - баланың мектеп өмірінің сыртқы көріністеріне қызығушылығының көрсеткіші (баланың ішкі көзқарасының қалыптасуының бастапқы кезеңі)

Нұрмұхаммед,Нұрсұлу,Жанерке 10 ұпай- 5- сыныпта оқыған ұнайды, сабаққа жақсы көңіл күймен келеді, үй тапсырмаларын ауыр сезінеді, олардың болғанын қаламайды, достарына жиі айтып тұрады. Ата анасымен мектеп жайында сырласпайды. Сынып жетекшісіне деген көзқарасы жақсы. Орта буынға бірқалыпты бейімделуде.

**2.Мінез ерекшеліктерін анықтауға арналған И. Панарин тестінің қорытындысы:**

Сыныпта Диана,Құралай дөңгелекті таңдаған. (Дөңгелек – өте мейірімді, басқаның қайғысын, қуанышын да бөлісуге даяр тұратын жандар). Бекжан,Сержан,Нұрмұхаммед- шаршыны таңдаған. (Шаршы – өте еңбекқор, төзімді, өз жұмысының шебері, бастаған істі аяғына дейін жеткізетін жандар).Төртбұрышты таңдаған Арай.

(ұмтылғыш, шыдамды,төзімді,табанды,шығармашыл екендігі анықталды.

**3.Пәнге деген қызығушылықты анықтау әдістемесінің қорытындысы бойынша пәнге деген көзқарасы:**

1.Диана,Бекжан- барлық пәндерді ұнатады, барлық пәндердің білім сапасына қанағаттанады,Октябрь А,Досимбекова Ж, Н.Айжан апайлар жағымды әрі қарым-қатынасы жақсы, қиындық келтіретін пәні- анықталмаған.Жаратылыстану,дүниежүзі тарихы пәнге деген көзқарасы анықталмаған.Қазақ т,қазазстан тарихы,дүние тарихы ұнамайды.Чеканова М,Сүндетбаева А,Қазанбаева А жағымсыз.

2.Жанерке,Арай,Ділназ,Құралай,Нұрсұлу- барлық пәндерді ұнатады,барлық пәндерінің білім сапасына қанағаттанады,

**Қорытынды:** сынып бойынша барлық пәндері жиі таңдалған. Қыркүйек айында 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін зерттеу мақсатында сабақтарға қатыстым.Қатысылған сабақтарда оқушылардың негізгі мектепке бейімделуін зерттеу, сабақ кезінде оқушылардың жеке бас ерекшелігі мен жас ерекшелігінің ескерілуі, сабақ мазмұнын ашуда мұғалімдердің әдіс-

тәсілдерді дұрыс таңдап ала білуі, сабақта физиологиялық, гигиеналық талаптардың орындалуын байқау мақсаттары қойылды.

**Қорытынды:** сынып бойынша қазақ тілі,ағылшын тілі,өзін-өзі тану, дене шынықтыру,информатика пәндері жиі таңдалған.5-сынып оқушыларының темперамент типі анықталды.

Қазан айында 1-сынып оқушыларынан мектепке психологиялық дайындығын анықтау Керн-Йирасик тесті алынды.

1-сынып оқушылары нүктелерді көшіріп, кескіндерден өз ойынан сурет салып,дұрыс ойлауды,дұрыс қабылдай алады.Таным процесстері анықталды.

1-сыныптың бейімделуі орташа деңгейді көрсетті.

Делингер С әдісі алынды.Сыныптың басым бөлігі дөңгелекті таңдаған.

| Р/с | Аты-жөні     | Сөйлемді көшіріп жаз | Нүктені көшіріп жаз | Қабылдау | Ойлау |
|-----|--------------|----------------------|---------------------|----------|-------|
| 1   | Амангерім Д  | 55%                  | 55%                 | 50%      | 50%   |
| 2   | Әділханұлы Н | 60%                  | 60%                 | 60%      | 55%   |
| 3   | Қаржау А     | 50%                  | 60%                 | 55%      | 45%   |
| 4   | Сапарғали А  | 65%                  | 60%                 | 50%      | 45%   |
| 5   | Ізбасар А    | 70%                  | 70%                 | 70%      | 70%   |

Мектепке деген қатынасты анықтау әдістемесі алынды.1 сынып оқушыларының мектепке деген көзқарасы жақсы.Мұғалімдермен қарым-қатынасы жақсы деңгейде.

Өткен сабақтан кима әріптерден сөздер құрай біледі.Суретте қандай сурет көрсетілген? Ернұр ауызша жауап берді, доп, шар,кеңістік.Сергіту сәт жасалды.Дәптермен жұмыс жасап дағдыланған.Жоғалған әріптен сөздер құрауға берілді.Балалар сөздер құрауға жаттыққан,дағдыланған.

«Кел балалар,танысайық» тренинг жаттығуы өткізілді. Менің отбасым проективті әдісі алынды.5-сынып оқушыларынан темперамент типін анықтау тесі алынды.5-11 сынып аралығында зерттеуші тұлғасының өзін-өзі зерттеу сауалнамасы алынды. 6-11 сынып оқушыларынан Ғаламторға және компьютерлік ойындарға тәуелділікті анықтауға арналған тест алынды.Компьютерлік құмар ойындарына кіріп кеткен оқушылар анықталған жоқ.7-10 сынып оқушыларынан бопсалау әрекеттерін анықтауға арналған жасырын сауалнама алынды.Оқушылар арасында бопсалаудың жоқтығы анықталды.

4-7 сынып оқушыларының таным процесстерін анықтап, мониторингі жасалынды.

| Р/с | Оқушының аты-жөні | Пайызы |
|-----|-------------------|--------|
| 1   | Алпысбай Аяулым   | 55%    |
| 2   | Амангерім Торғын  | 65%    |
| 3   | Дәуренбек Жанерке | 60%    |
| 4   | Жамбылұлы Нұржол  | 65%    |

|   |                   |     |
|---|-------------------|-----|
| 5 | Қайрат Айым       | 55% |
| 6 | Нұрайдарулы Елдар | 45% |
| 7 | Сапарғали Ісжу    | 65% |

5-сынып оқушыларының таным процестерінің қорытындысы

| Р/с | Оқушының аты-жөні | Пайызы |
|-----|-------------------|--------|
| 1   | Айдарқызы Ж       | 45%    |
| 2   | Серікбайқызы Д    | 65%    |
| 3   | Ануарұлы Б        | 55%    |
| 4   | Дарханұлы М       | 55%    |
| 5   | Ерназқызы Е       | 65%    |
| 6   | Ертайқызы Н       | 65%    |
| 7   | Наухан Д          | 65%    |
| 8   | Онгелді К         | 50%    |
| 9   | Оңлашқызы С       | 55%    |
| 10  | Пермебек Н        | 45%    |

6-сынып оқушыларының таным процестерінің қорытындысы

| Р/с | Оқушының аты-жөні     | Пайызы |
|-----|-----------------------|--------|
| 1   | Даниярұлы Айғанат     | 45%    |
| 2   | Даниярқызы Айжарқын   | 65%    |
| 3   | Мәделіұлы Ерболат     | 65%    |
| 4   | Нұрболқызы Кәусар     | 50%    |
| 5   | Нұрайдарқызы Айжарқын | 65%    |
| 6   | Нұрланұлы Алдияр      | 45%    |
| 7   | Оңғатай Меруерт       | 55%    |

7-сынып оқушыларының таным процестерінің қорытындысы

| Р/с | Оқушының аты-жөні  | Пайызы |
|-----|--------------------|--------|
| 1   | Ераділ Ұлар        | 50%    |
| 2   | Жамбылқызы Нұрайым | 65%    |
| 3   | Оңлашқызы Жанайым  | 45%    |
| 4   | Сауытбай Ерқанат   | 55%    |
| 5   | Чапай Сағият       | 55%    |

Таным процестерінің қорытындысы бойынша сынып жетекшілерге төмен пайыз көрсеткен оқушылармен жеке жұмыс жүргізу керек екендігі жайлы ұсыныс айтылды.

Тұлғаның әлеуметтік бағытын анықтау және кәсіби типін бағалау.

11-сыныптан Дж. Голланд сауалнамасы алынды. «Мамандық таңдаудағы негізгі мотивтер туралы түсінік бере отырып, «Мамандық таңдау» сауалнамасы алынды.

Сынып оқушыларының арасында лидер және шеттеп қалған оқушыны шағын топтарды анықтау мақсатында

1-11 сынып аралығында «Социометрия» әдісі алынды.

Сыныптар арасында топқа бөлінушілік байқалмады. Сыныпта шеттетілген оқушылар жоқ. Мектеп оқушылары арасында бопсалау, әлімжеттілік көрсету фактілерін анықтау мақсатында 7-11 сынып сыныптар арасында сауалнама алынды. Сауалнамаға 7-11 сыныптан 34 оқушы қатысты.

Сауалнама қорытындысы бойынша мектептің білім алушылары арасында бопсалау мен күш көрсету фактілері анықталған жоқ. Оқушыларды қоғамымыздың болашағы екендігін ұғындыру арқылы имандылыққа, отансүйгіштікке, жат қылықтардан аулақ болуға тәрбиелеп, өмірді сүйіп, қадір-қасиетін түсініп, қоғамда өмір сүре білуге үйрету мақсатында «Мен өмірді сүйемін» тақырыбында 5-8 сынып оқушылары эссе жазды. «Өмір неткен керемет ең!» тақырыбында 10-11 сыныптар аралығында әңгімелесу, ой бөлісу өткізілді. «Суицидтік мінез-құлық өзіндік психологиялық ерекшеліктері және оның алдын алу шаралары» 9-11 сыныптарға баяндама жасалды. Суицид жағдайына бейім тұлғаның

өзін өлтіру туралы табанды немесе қайталанған ойлар; Жабығулы көңіл күй, асқа тәбеттің және өмірлік белсенділігінің жиі жоғалуы, ұйқысының кашуы; Оқшаулануы, өзін ешкімге керегі жоқ сезінуі; Осы уақытта өзіне - өзі қол жұмсау тілегі алғашқы, күшті сезімі болуы мүмкін екендігі айтылды.

«Графикалық тест» өзі-өзі бағалау 5-8 сыныптардан суреттік тест алынды. 3-5 сыныптан «Менің отбасым әдістемесі» алынды.

5-6 сыныптардан «Жаңбыр астындағы адам» әдістемесі алынып, интерпретация жасалды.

«Мен қалаған өмір» 8-11 сыныптарға танымдық сабақ өткізілді. Кибербуллинг деген не? Егер басқа біреу кибербуллинге ұшыраша ше? Кибербуллинге тап болған жағдайда сен қорқып, абыржып қалуың мүмкін. Ондай кезде қандай әрекеттер жасау керектігі айтылды. 8-11 сынып Өмір жайлы пікірлерін анықтау сауалнамасы 5-11 сынып оқушыларынан алынды. «Өмір неткен керемет ең!» тақырыбында 6-10 сыныптар аралығында видеороликтер көрсетілді. Оқушылар пікірлерін ортаға салды. 7-11 -сынып оқушыларына «Зорлықсыз балалық шақ» тақырыбында бейне көрсетілімдер көрсетілді.

11 –сынып оқушыларынан ҰБТ жайында ойландыру сұрақтары алынды.Стрессті қалай жеңуге болады? кеңестер берілді.Э.Ховард бойынша стреске төзімділік тесті алынды.Стреске шалдыққан оқушы анықталмады..Мамандық тандауды анықтау сауалнамасы алынды.

Ата-аналармен жұмыс /1-4 сынып/ ата-аналарынан «Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнамасы алынды.5-8 сынып оқушыларының ата-аналарынан «Баланы ата-ана тәрбиелейді» әдістеме алынды. Пән мұғалімдерінен « Ұстаздардың жаңашылдық деңгейін анықтау» сауалнама алынды. «Ұстаздың педагогикалық қабілетін зерттеу» сауалнамасы алынды.Педагогикалық ұжыммен «Ашуыңызды ірке біл» атты тренинг жаттығу өткізілді.

Дарынды оқушылармен жұмыс барысында «Балалардың танымдық процестерін ойлау, елестету, қиялдау, сөйлеу және шығармашылық мүмкіншілігі мен қабілеттерін дамыта отырып, 7-11сынып «Торренс» тесті алынды. Балалар және жасөспірімдер арасындағы мінез-құлықтын алдын алу жұмыстарын анықтауға арналған 5-11сынып «Ғаламтордың зияны» сауалнамасы алынды. Ерекше назардағы оқушылардың қарым-қатынасын бақылау мақсатында оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын жақсарту, оларды адамгершілікке, шындыққа, достыққа, тәрбиелікке бақылауға ала отырып, «Менің ерекшеліктерім» сауалнамасы алынды.

Үлгерімі төмен оқушылар анықталып,жеке түзету дамыту жұмыстары жүргізілді.

**Түзету-дамыту:** 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін Керн-Йирасек тесті және С.Делингер әдістемелері бойынша зерттелді. Зерттеу нәтижесі бойынша орташа, нормадан төмен деңгей көрсеткен оқушыларды түзету-дамыту мақсатында кеңістік бағдарлауына және қозғалыс бағыттарының дамуына арналған жаттығулар және «Сиқырлы жастық», «Үйшік» әдістемелері және 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу бағдарламасы аясында мақсатында «Достық жылы күлуден басталады» түзету-дамыту сабақтары жүргізілді.

1-сынып оқушыларынан «Менің мектебім» әдістемесі алынды. Мақсаты: Баланың мектепке бейімділігін диагностикалау. Проективті әдістеме нәтижесі бойынша балалардың салған суреттерінде мектеппен байланысты жағымсыз ассоциация бейнеленбеген , қолданған түстік гаммалары, бояулары да балалардың мектепке деген жағымды қарым-қатынасын білдіреді. сыныптастары арасындағы қарым-қатынасты білдіреді. Мұғалімге және мектепке деген қатынасы барлық оқушыда қалыпты деңгейде.

**Түзету-дамыту:** Көрсеткіш бойынша сынып ұжымында ауызбіршілік, татулық қалыптасқан. Шектеулі оқушының ұжымдық қарым-қатынасын түзету мақсатында «Бір-біріміз үшін, «Жылы жүректен жақсы тілек» «Стресске бой бермейік» тренингтік жаттығулар жүргізілді.

#### **«Мектепке қарым-қатынасым» сауалнамасы.**

**Қатысканы:** 5 оқушы. **Мақсаты:** Сынып оқушыларының оқу үдерісіне бейімделуін анықтау. Сауалнама нәтижесі бойынша сынып оқушыларының 65%-ы математика, орыс тілі пәндерінен қиналатындықтары және үй тапсырмасын орындауында қиындық туғызатындығы анықталды. **Түзету-дамыту:** Зерттеу нәтижесі бойынша оқушыларға қиындық туғызған пәндер және үй тапсырмасын орындаудағы қиындықтарды түзету-дамыту мақсатында «Танымдық процестерді» логикалық ойлауды, зейінді дамыту, шоғырландыру жаттығулары жүргізілді.

#### **Ағартушылық психопрофилактикалық бағыт:**

«Интернет және бала!», «Балалардың қадағалаусыз қалуының алдын алу», «Отбасындағы қатыгездік» Сынып жетекшілерге арналған семинар «Аутодеструктивті мінез-құлықты оқушыларды анықтау және «тәуекел» топқа жататын жасөспірімдерді ортаға бейімдеу жұмыстарын жүргізу ерекшеліктері» алдын алу жұмысы жүргізілді.

#### **Тақырыбы: «Мен өмірді таңдаймын»**

**Мақсаты:** Өзінің қайталанбас тұлға екенін сезіндіру. Адам бойындағы жақсы қасиеттерді көру, адами құндылықтарын бағалау. Бір-бірімен қарым-қатынастарын жақсарту, оларды адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу өз-өзіне сенімділігін арттыру.

**Тақырыбы:** «Мектептегі және мектептен тыс жерде психикалық және физиологиялық зорлық-зомбылықтың алдын-алу». **Мақсаты:** Зорлық-зомбылықтың алдын алу. Бала құқығын білуге үйрету. 8-11 сынып оқушылары арасында психологиялық сабақ өтті.

**Әлеуметтік диспетчерлік бағыт:** Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесінің органдары мен мекемелері жүзеге асыратын арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж кәмелетке толмағанды құқықтық, әлеуметтік, дене бітімі, психикалық, педагогикалық, моралдық және материалдық жағынан қалпына келтіруге бағытталған іс-шаралар жоспары жасалынды. «Буллинг» және «Кибербуллинг» дегенді қалай түсінеміз? / мазалау, қорлау, шеттету, күш

көрсету, қорқыту т.б түсініктердің мазмұнын түсіндіру. Баланың қорқытудың құрбаны екенін қалай түсінуге болады» жадынама, «Буллингтің адамға тигізер зардабы» алдын алу. 8- сынып оқушыларымен сынып арасындағы байланысты нығайта отырып, эмоционалды жігер беруге, жасөспірімдердің коммуникативті мәдениетін дамыта отырып, оларға қарым-қатынас жасау тәсілін үйрету, жанжалды жағдайларда конструктивті әрекет жасай білуді қалыптастыру, өзара вербальді әрекеттесуге дағдыландыру, өзін-өзі ұстай білуге үйрету, өз мүмкіндіктерін шамалауға және көктем мезгіліндегі шаршағандықтарын төмендетіп, көңіл-күйлерін көтеруге арналған жеке және топтық түзету-дамыту бағдарламасы құрылып, жұмыстар атқарылуда. Ұйымшылдыққа, достыққа үйрету мақсатында «Дос болып жүрейікші!» тақырыбында коррекциялық сабақ өткізілді. Нәтижесінде балалар достықты бағалай білуге, өзара ұйымшылдықты үйренеді. Оқушылар жылы лебіздерін жазып жүрекшелерге ілді. «Суицидтік мінез-құлық өзіндік психологиялық ерекшеліктері және оның алдын алу шаралары» 9-11 сыныптарға баяндама жасалды. Суицид жағдайына бейім тұлғаның

өзін өлтіру туралы табанды немесе қайталанған ойлар;  
Жабығулы көңіл күй, асқа тәбеттің және өмірлік белсенділігінің жиі жоғалуы,  
ұйқысының кашуы;  
Окшаулануы, өзін ешкімге керегі жоқ сезінуі;  
Осы уақытта өзіне - өзі қол жұмсау тілегі алғашқы, күшті сезімі болуы мүмкін екендігі айтылды.

«Графикалық тест» өзі-өзі бағалау 5-8 сыныптардан суреттік тест алынды. «Мен қалаған өмір» 8-11 сыныптарға танымдық сабақ өткізілді. Кибербуллинг деген не? Егер басқа біреу кибербуллинге ұшыраша ше? Кибербуллинге тап болған жағдайда сен қорқып, абыржып қалуың мүмкін. Ондай кезде қандай әрекеттер жасау керектігі айтылды. 8-11 сынып Өмір жайлы пікірлерін анықтау сауалнамасы 5-11 сынып оқушыларынан алынды. «Өмір неткен керемет ең!» тақырыбында 6-10 сыныптар аралығында видеороликтер көрсетілді. Оқушылар пікірлерін ортаға салды. 7-11 -сынып оқушыларына «Зорлықсыз балалық шақ» тақырыбында бейне көрсетілімдер көрсетілді.

**Кенес беру бағыты** бойынша оқушылардың мектепке бейімделуі және орта буынға бейімделу процесінің тиімді өтуіне байланысты «Сіздің балаңыз 1-сынып оқушысы», «5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі» тақырыбында ата-аналарына кеңестер берілді. Мамандық таңдауға 9-11 сынып оқушыларына ата-аналар сұранысы бойынша кеңес берілді. Өтпелі кезеңдегі балаларға, ата-аналар, сынып жетекшілер мен пән мұғалімдеріне кеңестер, оқушылар қажеттіліктеріне және сұраныстарына кеңестер беріліп отырды.

Мектеп психологы: Қасымова А.Ж